



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

только проследить истоки и процесс проникновения русской классики в Китай, но и видеть как сближаются культуры двух наций, каковы историко-генетические взаимосвязи между двумя великими художниками слова и общие закономерности из формирования.

Список использованных источников

1. Вань Дань. Чехов и Лу Синь: Историко-генетические и типологические аспекты. Диссертация, 1996
2. Го Мо-жо. Кипящая похлебка. Изд. Дафу, 1947. С. 200.
3. Зильберштейн И.С. Макашин С.А. Том 100 (III). Чехов и мировая литература. Издательство «Наука», 2005
4. Ли Лянь-шу. Влияние Чехова на китайских писателей. [Электронный ресурс]. URL: <http://feb-web.ru/feb/chekhov/critics/ml3/ml3-052-.htm> (дата обращения: 15.03.2015).
5. Суровцева Е.В. О влиянии Н.В. Гоголя на Лу Синя // Гуманитарные научные исследования. 2011. № 2 [Электронный ресурс]. URL: <http://human.snauka.ru/2011/10/130> (дата обращения: 05.11.2014).

ОӘЖ 394.2(=581)(=512.122)

ҚЫТАЙЛАРДЫҢ “КӨКТЕМ МЕРЕКЕСІ” МЕН ҚАЗАҚТАРДЫҢ “НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ”

Жуасова Асем Нурбаевна

Swetty_95_95@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,

Шетел филологиясы: Қытай тілі мамандығының студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші - Шаяхмет Ж

«Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа» - деп бекер айтылмаса керек. Осы жазбада сіздерге қытай халықтарының маңызды мейрамы «Көктем мерекесі» туралы және қазақ халқының «Наурыз мерекесімен» ұқсастықтарын атап өтсем деймін.

Көктем мерекесі дегенді білдіретін Чунь цзе (春节) деп аталатын Қытай жаңа жылы қытайлар үшін ең маңызды мейрам болып саналады, 2 мың жылдан бері атап өтілуде. Ол 12 қаңтар мен 19 ақпан аралығындағы жылдың алғашқы айының алғашқы жаңа ай мезгіліне келеді. Григориан күнтізбесі келгеннен бастап бұл мерекені батыс стилі бойынша Жаңа жылдан айыру үшін «көктем мейрамы» деп атап кетті. Әдетте Чунь цзе «Нянь» деп аталады (нянь — «жыл» дегенді білдіреді)[1,19]. Қытай Жаңа жылы тек Қытай мемлекетінің аумағында ғана емес, сондай-ақ, Гонконг, Макао, Тайвань, Рождество Аралы, Бруней, Индонезия және т.б. өңірлерде тойланады. Қытайлар жаңа жылды 15 күн бойы тойлап атап өтеді. Қытайлық жаңа жылдың 15 күндік фестивалі туралы көбірек түсіну үшін қытай мәдениетінің фактілерін білу қажет. Мыңдаған жылдар бұрын Қытай ауылшаруашылық қоғамнан құралған. Әр жыл сайын Династия фермерлерге арналған жыл сайынғы күнтізбе жариялайтын. Күнтізбе құрамына күн, ай және ауа райы күнтізбесі кірген, ауа райы күнтізбесі бойынша фермерлер тұқым, өсімдікті қашан егу, өз жерінде өнімді қашан жинау туралы, сонымен қатар жұмысқа қашан бару, демалып тынығу, құдайға сыйыну және мейрамдарды тойлау туралы ақпарат алған. Сондықтан, Қытай жаңа жылының алғашқы мағынасы фермерлердің өніміне байланысты болған. Қытай фермерлері өткен жылдағы өздерінің нәтижесі мен жетістіктерін тойлаған, ал жақсы өнім Құдайдың жіберген қайырымды сыйақысы болып саналды. Сол себептен келе жатқан жылға сәттілік пен өркендеуді сұрап, Құдайға тартулар әкелген.

Қытай халқында жаңа жылды қарсы алуға байланысты көптеген дәстүрлер мен ырымдар бар. Мысалы, есікке бес ұзын қағаз қиындыларын іледі, яғни ол бақыттың бес түрін:

сәттілік, құрмет, ұзақ өмір, байлық, қуаныш әкеледі деп сенеді. Әрине үлкен, дамыған қалаларда көптеген ескі дәстүрлер ұмытылып барады, бірақ ауылдарда ол сақталған. Сондай дәстүрлердің қатарына жындардың үйге кіріп кетпеуі үшін есік-терезені жауып отыру жатады. Дәстүр бойынша қытай жаңа жылын тойламай тұрып, үйді әбден тазалау қажет. Үйдегі лас – келе жатқан жыл иесін қадірлемеушіліктің белгісі. Шығыс салты бойынша жаңа жылды қарызбен қарсы алуға болмайды, себебі оны қайтаруға қиындыққа түседі. Шығыста қызыл түс жындардан қорғайтын күннің, қуаныштың, бақыттың белгісі болып табылады. Сондықтан, қытай жаңа жылын қарсы алған үйді қызыл реңдермен әшекейлейді. Кіре-беріс есікке қызыл фонға күрең қызыл түспен жазылған иероглифтерін, сонымен қатар үйге бақыт пен амандықты алып келетін сақтаушы – рухтар мен байлық құдайының бейнесін салып қойған жөн. Міндетті түрде бүкіл үйге мандаринге толы вазалар қойған дұрыс, себебі мандарин – байлық пен дәулеттің белгісі және ескі салт бойынша бір-біріне қонаққа келгенде екі мандарин сыйлап, үйіне қайтатын кезде екі мандарин алып кетеді екен. Бұл дәстүрдің пайда болуының себебі қытай тілінде «пара мандаринов» деген сөздің дыбысталуы «алтын» деген сөздің дыбысталуына ұқсас[2,45]. Мандариннен басқа үйді өрік пен алхоры гүлдерімен әшекейлеуге болады – олар жаңа бастамаларды танытады. Дәстүр бойынша қытай жаңа жылына міндетті түрде жаңа киім кию қажет. Ол өткен жылдағы мәселелер жаңа жылға ауыспау үшін жасалынады. Сол күні сіз жактыртпайтын адамдармен қарым-қатынас жақсы болуы тиіс. Ешбір жағдайда бақытсыздық пен қайғыға байланысты сөздерді айтпау керек. Сонымен қатар жаңа жыл кезінде шаш қиюға болмайды, себебі ол әрекет бақытсыздық әкеледі деп саналады. Қытай жаңа жылында түнімен ұйықтамау тиіс. Бұл салт «шоу суй» (守岁) - «жылды қорғау» деп аталады. Есік жақтауына қытайлар жұп каллиграфиялық жазулары бар қызыл қағаз жапсырады. Және де есікке «бақыт» деген иероглифті төңкеріп жапсырады, себебі қытай тілінде «бақыт келді» және «бақыт аударылды» деген сөз тіркестері ұқсас болып табылады.

Қытай жаңа жылы – отбасы мерекесі. Адам көптен бері жалғыз өзі тұрса да, мүмкіндігі бойынша осы мерекені отбасы немесе ата-анасымен қарсы алуға тиіс. Сол себептен де алдын-ала көпшілік қауым жолға дайындалып, мереке қарсаңында әуе және темір жол кассаларының алдында билетке үлкен кезек болады.

Жаңа жылдық мерекелік кешкі ас мол және тойымды болуы қажет. Дастарханға міндетті түрде тауық, балық және соялық ірімшік қояды, себебі осы тағамдардың атаулары қытай тіліндегі «дәулет», «бақыт» деген сөздеріне үндес. Сонымен қатар жаңа жылға тұшпара («цзяоцзы») және «няньгао» (кілегей күріштен жасалған бөлшектер) жиген дұрыс. «Цзяоцзы» сөзі «ескіні шығарып салу және жаңаны қарсы алу» деген сөздеріне үндес болып келеді. Ал тұшпара өз пішінімен Қытайдың дәстүрлі алтын немесе күміс құймасына ұқсас, ал ол бай және дәулетті болсын дегенді білдіреді. «Няньгао» жыл сайынғы өмірдің өркендеуін білдіреді. Жаңа жылға жайылған мол дастархан – өркендеу мен жетістіктің кепілі. Жаңа жылдық дастарханда дәстүрлі шығыс тағамдар болуы тиіс: күріш – дәулет нышаны, лапша – ұзақ ғұмырдың нышаны, балық – өркендеудің нышаны.

Қытай халықтары негізінен миф, аңыздарға сенгіш болып келеді. Мысалы, жаңа жылда фейерверктер мен петардаларды атудың өзіндік бір аңызы бар. Жылына бір рет Нянью мүйізі бар теңіз құбыжығы теңізден шығып, жолдағы адамдар мен малдарды жейтін. Адамдар сол Нянью келіп кеткенше тауға барып тығылатын. Бір күні осындай мезетте бір шал келеді. Ол қонатын жер таба алмай жүреді, бірақ үйлердің барлығы жабық тұрады, тұрғындар тауға тығылып қалған. Тек қана бір кемпір қалған екен, ол шалды үйіне кіргізеді. Ал түнде сол ауылға Нянью келеді. Олжа іздеп жүріп, ол кемпірдің үйіне келеді. Бірақ құбыжық есіктің ал-қызыл бояумен боялғанын көріп тұрып қалады. Сол мезетте есік ашылып кетеді де, үйден шартылдақтармен тарс-тұрс етіп, қолында жарқыраған шамы бар шал шығады. Шал үстінде ал-қызыл киім киген, ал өзі құбыжықтың бетіне қарап күледі. Нянью шалдың әрекетінен шошып, қорқып қайтып теңізге қашып кетеді. Содан бастап ол құбыжық адамдарға тиіскен жоқ. Ауыл адамдары таудан қайтып келген кезде кемпір-шалдың не істегенін барлығына айтып береді. Сол кезден бастап адамдар құбыжықтан құтылған күнді атап, жаңа және

жайбарақат өмірдің нышанын тойлай бастайды. Нянь қайтып келмес үшін халық ал-қызыл киім киіп, шулы ойын-сауық ұйымдастырады, шартылдақтармен тарс-тұрс еткізіп, фейерверктер мен петардаларын атады[3,81]. Жаңа жылдың алғашқы күнінде фейерверктер мен шутихаларды аспанға жіберіп, хош иістерді жағады. Фейерверктер жындарды үркітеді, ал отбасына бақыт пен тыныштық орнатады деп санайды. Қытайлықтар сол күні аруақтар келіп ескі жылға «есептеме береді» деп сенеді, сондықтан кешке олардың үйге қайтып келгендеріне қошемет көрсетіп, содан соң ата-бабаларға тағзым етеді. Қытай жаңа жылының міндетті атрибут ретінде қызыл түс - киім, оттар, шартылдақтар және фейерверктер болып табылады. Себебі мүйізді құбыжық – Нянь содан қорқады. Бүгінгі күні де өз жаңа жылдарында қытайлықтар жылды Нянь құбыжығынан қорғап, ол енді қайтып келмесін деген ниетпен, қызыл киім киіп, шартылдақтар мен фейерверктерді жағады. Жаңа жылдың алғашқы бес күнінде тума-туыстармен, жолдас-жоралармен, таныстармен, класстастармен, әріптестермен кездесіп, жаңа жылмен құттықтау керек. Жаңа жылға сыйлық беруге тиіс емес. Бірақ жаңа жылда балаларға «я-суй цянь» - қызыл конвертке салынған ақша беріледі[4,25]. Көбінесе қытайлар жұп сыйлықтар сыйлағанды ұнатады, мысалы, екі кесе немесе екі ваза; бұл бірлік болсын деген ниетпен беріледі. Ешбір жағдайда сағат сыйлауға болмайды, әсіресе кәрі жастағы адамдарға; балалары жоқ отбасыларына ойыншық сыйлауға тыйым салынған. Жаңа жылдық сыйлықтарды жасырын қалдырып кетеді. Қытай жаңа жылы – думанды мейрам. Қала көшелері мен алаңдарында қызықты жәрмеңкелер өтіп, халық мейрамы тойланады. Онда айдаһар мен арыстан билері, «құрлық кемелер» айналымдары, ағашаяқ бар номерлер көрсетіледі. Жаңа жылдық мейрамдар Шамдар мейрамынан кейін Ай күнтізбесі бойынша алғашқы айдың он бесінші күнінде аяқталады. Шамдар мейрамында көшелерде әдемі шамдар жағылады. Жаңа жыл сияқты фольклорлық көрсетілімдер ұйымдастырылады. Сонымен,екі аптаға созылатын жаңа жыл мерекесі аяқталады.

Қазақтың жаңа жылы деп біз наурыз мерекесін тойлаймыз. Наурыз — өте көнеден келе жатқан мейрам. Күні бүгінге дейін жер шарындағы көптеген түркі халықтардың дәстүрлі мейрамына айналып отырған бұл мерекенің қашаннан бері тойланып келе жатқанын деп басып айту қиын. Наурыз мейрамының тарихи маңызы өте тереңде жатыр. Себебі ертедегі салт бойынша барлық ауыл болып, көбінесе жастар таң шапағын қарсы алуға шығып, ағаш отырғызып, таза арықтардан су жіберу, гүл егу секілді рәсімдер орындалады. Ызғарлы қыстың кетіп, жайдарлы жаздың келуі әрбір жүрекке жылу сыйлайды. Халық наурыз мерекесіне алдын - ала дайындалады. Дәстүр бойынша үйге қос шырақ жағылады, ыдыстар ернеуіне дейін айранмен, сүтпен немесе бұлақ суымен толтырылады. Бұл - тоқшылықтың белгісі. Табиғатпен байланыс күн Анаға деген тағзымнан көрінеді. Бұл күні бұлақтар тазартылып, ағаштар отырғызылған. "Бұлақ көрсең, көзін аш!", "Бір тал кессең, он тал ек!", деген сөз осыдан шыққан болу керек. Наурыз - достық, еңбек, бейбітшілік мерекесі. Ұлыстың ұлы күні адамдар бір-біріне деген ренішін ұмытып өзіне де, өзгеге де жақсылық тілеген. Дастарқанның басты асы наурызкөже болған. Наурызкөже жеті түрлі тағамнан жасалған. "Наурыз көжені тойып ішу керек, сонда жыл бойы тоқшылық болады!" деген сенім бар. Дастарқан басында жастар үлкендердің батасын алған. Бата - үлкендердің өзінен жасы кішілерге беретін ықыласты тілегі. Ақсақалдар: "Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын, қайда барса жол болсын!" - деп бата береді. Дәстүр бойынша Наурыз айтыс өткізіледі. Бұл жақсылық пен жамандықтың, суық пен жылының, жаз бен қыстың айтысы. Сонымен қатар бұл күні ұлттық ойындар мен [спорт](#) жарыстары өткізіледі. Наурыз мерекесі жақындаған сайын әрбір отбасы Наурыз көже жасауды міндетім деп санайды. Тіпті білмейтін жас жеңгелеріміз үлкен адамдардан ақыл-кеңес сұрап, Наурыз көжеге не қосу керектігін саралап жатады. Ол үшін ең алдымен қазан толы сүтіңізді қайнатып, сүт піскеннен кейін оның бетіндегі қаймағын қалқып алып тастайсыз. Сүт әбден пісуге тақаған кезде, қыс бойы сақтаған сүріңізді салып жіберіп, 15 минуттай бетін жауып қоясыз. Аталған уақыт өткеннен кейін жеке ыдысқа пісіріп алған бидай, жүгері, тары, асбұршақ, күріш тәрізді қоректік заттардың жеті түрін сүт пен етке араластырып тағы бір қайнатып аласыз. Егер Наурыз көже қоймалжың болып кетсе, оған су қосуға болмайды. Тек айран қосып

сұйылтасыз. Айта берсек, наурыздың жөн-жоралғылары өте көп. Қазақстанның төрт түкпірі түрліше тойлайды. Бірақ, қалай болғанда да, жақсылықтың аты - жақсылық, тойдың аты - той.

«Халқым қандай десең, салтымнан сынап біл» демекші, салт-дәстүрлерден халықтың мінез-құлқы, үлгі-өнегесі, зейін-зердесі, даналығымен даралығы, шешендігі мен тапқырлығы, ақыл-ойы, сондай - ақ, жаратушы мен жаратылысқа, өзін қоршаған жанды, жансыз әлемге деген моральдық, танымдық, этикалық көзқарастары көрінеді. Яғни, осыдан байқағанымыз қанша ұқсастықтар болса да, әр халықтың өзіндік ерекшеліктері бар.

Қолданылған Әдебиет

1. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «[Қазақ энциклопедиясы](#)» Бас редакциясы, 1998 жыл.
2. Мәдениеттану: жоғарғы оқу орындары мен колледж студенттеріне арналған.
3. Энциклопедия нового Китая, М., 1989.
4. Попов Е.В. Введение в культурологию. М., 1995.

ҚР МЕН ҚХР АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ДАМУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

Жумабекова Әсел Азимханқызы

asel_47_96@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің 2-курс студенті, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Б.Жылқыбекұлы

Қытай Халық Республикасының Қазақстан Республикасымен қатынасы белгілі мағынадан айтқанда тарихи дәстүрдің жаңа сипаттағы жалғасы, Қазақ хандығы мен Қытай арасындағы тікелей байланыс кезеңінен басталған. XIX ғ. екінші жартысында туындаған геосаяси өзгерістердің нәтижесінде Қазақ хандығы жойылып, Ресей империясының отарына айналды. Содан Қазақстан мен Қытай арасындағы қатынас Қытайдың Шыңжаң өлкесі арасындағы өлкеаралық байланыстар сипатында дамыды. 1991 жылғы шілдеде Н.Назарбаев Қазақ КСР-ның Президенті ретінде Қытайға алғашқы сапарын жасайды. Тарихта бұл сапар болашақтағы Қытай-Қазақстан қатынастарының орнатылуына өте үлкен үлесін тигізді деп санауға болады. Екі жақты жүргізілген келіссөздер барысында маңызды құжатқа – Қазақ КСР мен ҚХР-ның арасындағы ынтымақтастықтың даму принциптері мен негізгі бағыттары туралы Келісімге қол қойылды. Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі жылдары әлемдік арнаға шығуға халықаралық қатынастар мен құқықтарға құқылы жеке субъект ретінде мүмкіндік алды. Қазақстан Республикасының БҰҰ-ға кіруі, маңызды халықаралық келісімдерге біртіндеп ене бастауы, халықаралық қатынастарға белсене араласуы Қазақстанның халықаралық мүддесінің өсуіне жол ашты. Қазақстан Республикасының мол табиғи байлығы, геополитикалық жағдайы, ішкі саяси тұрақтылық шетел мемлекеттерінің біріккен қаржы және кәсіби дамыған орталықтары тарапынан қызығушылық туғыза бастады. 1990 жылдардың өзінде Қазақстан Қытайдың Орта Азиядағы ең тұрақты серіктесіне айналды. Еліміз Егемендік алумен бірге Қазақстан дипломатиясының алдында негізгі жауапты кезеңдер күтіп тұрды. Оның бірі – мәдениеті мен мемлекеттік құрылымы ерекше үлкен саяси салмағы бар көршілес Қытай мемлекетімен арадағы екі жақты қарым-қатынасты мемлекетіміз үшін тиімді түрде анықтап алу болды.

Қытай Халық Республикасы Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін дипломатиялық тұрғыдан таныған ең алғашқы мемлекеттердің бірі. 1992 жылғы 3 қаңтарда екі мемлекет арасында дипломатиялық қарым-қатынастар орнатылғаннан бері, екі жақты